

**К. Коч**

доц., док. Мұғла Сытқы Кочман университеті, Мұғла, Түркия  
(e-mail: kenankoc2030@hotmail.com)

**Қазіргі қазақ тілі және солтүстік-шығыс түркі тілдеріндегі «емес»  
толымсыз көмекші етістігі**

**Андатпа**

Мақалада *емес* толымсыз көмекші етістігінің солтүстік-шығыс түркі тілдеріндегі қолданысы қарастырылған. *Емес* көмекшісі оңтүстік-шығыс тобында (өзбек және ұйғыр тілдерінде), солтүстік-батыс тобына жататын кейбір түркі тілдерінде (қазақ және қарақалпақ тілдерінде) болымсыздық категориясын жасайтын маңызды формалар ретінде белгілі болғанымен, солтүстік-шығыс түркі тілдеріндегі (қырғыз, алтай, тува, тофа, шор, телеуіт) қолданысы жайында дерек, зерттеулер тым аз. Сондықтан мақалада *емес* формасының қазақ тіліндегі қолданылуына байланысты теориялық мәліметтерге сүйене отырып, солтүстік-шығыс түркі тілдеріндегі *емес* көмекшісінің қызметіне, құрылымына, қолданысына қатысты мәселе қолға алынды. Грамматикалық мағынасымен бірге аналитикалық формант ретіндегі қызметі, семантикалық мағыналары мысалдар негізінде сарапталып, сараланады.

**Кілт сөздер:** Етістік, қазақ тілі, толымсыз көмекші етістік, семантикалық мағына, солтүстік-шығыс түркі тілдері.

**K. Koch**

Doç. Dr., Mugla Sytky Kochman University, Mugla, Turkey  
(e-mail: kenankoc2030@hotmail.com)

**The incomplete auxiliary verb *emes* in the modern Kazakh and North-Eastern Turkic languages**

**Abstract**

The article deals with the use of an incomplete auxiliary verb «emes» in the North-Eastern Turkic languages. It is known that the auxiliary verb «emes» is an important form for the South-Eastern group of Turkic languages (Uzbek and Uighur languages) and some Turkic languages belonging to the North-Western group (Kazakh and Karakalpak languages). But the use of the auxiliary verb «emes» in the North-Eastern Turkic languages (Kyrgyz, Altai, Tuva, Tofa, Shor, Teleut) has too little data. Therefore, based on the theoretical data related to the use of the form «emes» in the Kazakh language, the article considers the question of the activity, structure, use of the auxiliary verb «emes» in the North-Eastern Turkic languages. Along with grammatical meaning, functions as analytical formant and semantic meanings are analyzed and differentiated on the basis of examples.

**Keywords:** Verb, Kazakh language, incomplete auxiliary verb, semantic meaning, North-Eastern Turkic languages

Түркі тілдерінде сөйлемнің мағынасын одан әрі толықтыра түсу үшін көмекші етістіктердің қызметі орасан зор екені белгілі. Сондықтан да көмекші етістіктер грамматикалық құрылысы жағынан кең орын ала отырып, тілде аналитикалық, семантикалық, қала берді сөйлеушінің эмоциясын беру жағынан өте күрделі құбылыс тудырады. Түркі тілдерінде көмекші етістіктердің бір тобы өзінің көне мағынасынан айрылып, тек ойды жетілдіре түсу үшін жетекші етістіктің шылауында келеді. Сондай көмекші етістіктердің бірі – *емес* толымсыз көмекші етістігі.

Толымсыз көмекші етістіктердің құрамы жайында ғалымдар арасында түрлі көзқарас бар. Кей ғалымдар толымсыз етістік түрлерінің құрамын *тұрұр, бол, жазда* секілді етістіктермен толықтырып жатады. Алайда бұл етістіктердің дербес тұрғанда да бір немесе бірнеше мағынаға ие бола алатынын алға тартатын ғалымдар да баршылық. Сонымен бірге бұл етістіктердің кейбірі қазіргі түркі тілдерінің біразында қолданыстан шығуына байланысты тарихи тұрғыдан қарастырылмағандығына мән беріле бермейді. Ал *e-* етістігін қай жағынан сараласақ та, қай тілді алсақ та жеке тұрғанда лексикалық мағынасының жоқ екенін анық байқаймыз. Тіпті қазіргі түрік тілінде бұл форма етістік мағынасынан шығып, жалғау ретінде жиі қолданыла бастаған. Мысалы: *Yunanistan bilakis cihanın gözüne akı kara, karayı ak göstermek için dünyanın bir ucundan ta öbür ucuna kadar payitaht payitaht, şehir şehir teşkilata malikti* (Kemal, 53). – Грекия, керісінше, жаһанның көзіне ақты қара, қараны ақ етіп көрсету үшін дүниенің бір ұшынан сонау бір ұшына дейін әрбір басқалада, әрбір шахарда ұйымдарға ие еді.

Алайда бұл етістіктің жалғаумен сіңісуін тек түрік тілінде ғана емес қазақ тілінен де байқауға болады. Мысалы, есім сөзге тікелей жалғанатын жіктік жалғауы (мен оқушымын, сен данышпансың, ол бұзық, біз көңілсізбіз, сендер алыссыңдар, сіздер жақсысыздар, олар ауылдастар) көне түрікшедегі *er-ür-men, er-ür-sen* секілді формасына келеді.

Қазіргі түркі тілдерінде көне түрікшедегі *er-* етістігі құрамындағы *p* дыбысы түсіп *e-* түрінде қолданылады және бұл етістік көмекші етістік ретінде ғана жұмсалады. *e-* етістігі жеке тұрып қолданылмауымен қатар, кез келген сөз тудырушы жұрнақтар арқылы түрлене алмайды. Дегенмен қазіргі түркі тілдерінің біразында *e-* етістігінің грамматикалық тұлғалық жағынан түрлі көмекші етістіктер қалыптасқан (еді, екен, емей, емен, емес). Солардың бірі – қазіргі қазақ

## К. Коч. Қазіргі қазақ тілі және солтүстік-шығыс түркі тілдеріндегі «емес»...

тіліндегі *емес* толымсыз көмекші етістігі. Болымсыздық мағына тудыратын бұл көмекшінің жалпы қазіргі түркі тілдерінде *дегүл* және *емес* түрінде екі формасы қолданылады.

*емес* көмекшісінің қалыптасу тарихы өте тереңде жатыр десек болады. *Дегүл* алғаш *Диуани лұғат им-түрікте* кездессе, *ертез* формасының *Алтун яруқта* жиі қолданылғанын көруге болады. *öngi ermez* (34i/18), *yene et kan ermez* (34i/7). Әсіресе, бұл форма Шағатай дәуірі кезіндегі ескерткіштер тілінде өте жиі қолданылды. Мысалы: *hiç gül körgenemesbad-ı hazandın yahşılık, kalın koy bu çapkundatüştü; hiç çapkundamunça kalın tüşkenemesédi* [1, 133 б.]. Диуани Хикметтің Көкшетау нұсқасында сегіз жерде толымсыз көмекші етістігі + ауыспалы осы шақ (болымсыз түрі) құрылымы кездеседі. Бұл құрылымдардың төртеуінде толымсыз көмекші етістігінің /р/ дауыссыз дыбысы түспей сақталған:

*gāh Mansūrniñ Ene'l-Haqqı bicā ěrmes*  
*Yolın tapқан bizge oħşaş gümrāh ěrmes*  
... *nācinsler bu sözlerge ... ěrmes* (К. 279: 8, 9, 10)  
*Hācet ěrmes āşıqlarğa köp ü azı* (К. 242: 3)

Шағатай түрік тілінде толымсыз көмекші етістігінің ауыспалы осы шақ 3 жақ жекеше түрін жіктік жалғаудың болымсыз жіктеуі *é(r)mes/ ěmes* құрылымдары ретінде кездеседі. Дегенмен, *ěrmes* құрылымы архаикалық элемент болып табылады және Көкшетау нұсқасында осы түрде кездеседі [2, 216; 3].

Қазіргі қарлұқ тобына кіретін тілдерде де болымсыз сөйлемдер *емес* [4, 251], *эмәс* [5, 145] көмекші формалары арқылы жасалады.

*дегүл* формасының қазіргі түркі тілдерінде *tegül, tügöl, degül, dewül, tuvil, deyil, diil, dāl, değil* секілді варианттары бар [6, 315 б.]. Көне қыпшақ тілінде *tüyül, degül, devül* (<*tegül*) [7, 152 б.; 8, 228] түрінде қолданылғанына қарамастан қыпшақ тобына кіретін түркі тілдерінің ішінде қазіргі қазақ тілінде, сол секілді қарақалпақ [9, 165 б.; 10, 312 б.] тілінде *емес* көмекшісінің қолданылуы назар аударарлық мәселе. Тіпті татар тілінде *түгел* [11, 498 б.], қазақ және қарақалпақ тілдеріне ең жақын ноғай тілінде де *tuwül* [12, 99 б.] қолданылады. Осыған қарап, қазақ тіліндегі *емес* көмекшісі шағатайшаның әсерінен кең қолданысқа ие болды ма екен деген ой келеді.

*емес* формасы солтүстік-шығыс тобындағы қырғыз [13, 99-101 б.; 14, 148 б.], алтай [15, 9 б.], шор [16, 140 б.], тофалар [17, 381 б.], тува [18, 42 б.], телеуіт [19, 106 б.] тілдерінде де аздаған дыбыстық ерекшеліктерімен қолданылады. Хакас тіліндегі болымсыздық

категориясын тудыратын *нимес* [20, 465 б.] көмекшісінің де *емес* формасына қатысты екені анық көрінеді. Алайда *емес* формасының атауына, форма ретіндегі орны мен қызметіне байланысты нақты ұстаным жоқ. Қырғыз тілінде көмекші етістік саналса, алтай, шор, тофа, хакас, тыва, телеуіт тілдеріне қатысты грамматикаларда демеулік қатарында көрсетіледі. Түркия ғалымдары да *емес* мағынасындағы *değil* көмекшісін болымсыздық демеулігі деп есептейді [21, 162 б.].

Тіл білімінде *емес* көмекшісінің шақ категориясын жасау, жасамау жөнінде де әртүрлі ұстаным бар. А.Ысқақовтың пікірінше, бұл форма өзі тіркесетін сөзге ешқандай да шақтық мағына үстемейді [22, 53 б.]. Түркиялық ғалымдардың грамматикаларында *değil* көмекшісі ауыспалы осы шақта, бұрынғы өткен шақта және жедел өткен шақта жіктеп көрсетіледі [23, 715-721 б.; 24, 475-476 б.]. Салыстырып қарағанда бұл екі тұлғаның сыртқы пішінінде ерекшелік болғанымен, қызметі мен беретін мағынасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Демек *емес* көмекшісі шақты білдіретін қосымша алмауы мүмкін, бірақ шақтық мағына береді. Әсіресе, ауыспалы осы шақтық мағына басымырақ деуге әбден болады. Дегенмен кейде өткен шақ, келер шақ формаларының болымсыз түрін жасауға да атсалысады.

Қырғыз тілінің грамматикасында болымсыз категориялар *жоқ* және *емес* сөздерінің семантикалық жағынан салыстыра келе, *эмес* сөзі әрқашан болымсыздықты көрсетсе, ал *жоқ* сөзі бір кемшілікті көрсететіндігін айтады [25, 148 б.; 26, 211 б.]. Ал Ж. Башдаш және А.Кутлу тарапынан жарық көрген «Қырғыз тілінің грамматикасында» жедел өткен шақта жұмсалатынын дәлелдейді [27, 79 б.]. Мысалы: *Ордоктун бул кызыктай жөндөмүнө бир туруп суктанса, бир туруп төбө чачы тик турарын Роберт Борк жашыручу эмес* (Айтматов, 55 б.) – Ордоқтың бұл қызық түріне бір қарағанда төбе шашы тік тұратынын Роберт Борк жасырмаушы еді.

Алтай тілінің грамматикасына қатысты еңбектерде *эмес* осы шақпен қоса келер шақта да жұмсалатынын айтады [28, 156 б.]. Мысалы:

*Жаңғыс Кегейдинг де тилинен Жергелей жаңғыс катап туйка ыйлабаган эмес* (Кокышев, 47) – Бірақ ол Кегей Дергелдің сөзіне бірнеше рет жылады (жыламаған емес).

*Алтай улус сөөкти темдектеер эмес* - Алтайлықтар өз қабірлеріне ескерткіштер қоймайды (қойған емес) (Кокышев, 47).

**К. Коч. Қазіргі қазақ тілі және солтүстік-шығыс түркі тілдеріндегі «емес»...**

Шор тілі жөнінде жазылған еңбектерде болымсыз сөйлем үш түрлі формадан жасалатынын айтады [29, 502 б.; 16, 140 б.]. Біріншісі - *-па, -не* болымсыздық жұрнағынан, екіншісі - *чок* сөзі арқылы, үшіншісі - *эбес* көмекшісі арқылы жасалады.

*Чабылдырык алты шурлап, кижичи чорчень эбес полтыр* [16, 140 б.] – Шатырдан тамған жауыннан кісі жүре алатын емес.

*Колзас тынь ырак эбес* [16, 140 б.] – Колзас тым ұзақ емес.

Сонымен *емес* көмекшісі сөйлемге шақтық, болымсыздық мағыналарын үстейді. Сондай-ақ жақ формаларына қарай да жіктеледі. Бірақ *емес* көмекшісі етістік саналғанымен зат есім секілді жіктеледі немесе етістікке келетін жіктік жалғауының толық түрін алады.

Қаз: *Мен бұнымен тіл қатысуға тиісті емеспін* (Есенберлин, 178 б.).

*Біздің жауымыз сен емессің — Әбілқайыр!* (Есенберлин, 236 б.).

*Жоқ, Қобыланды батыр ондай қарақшы емес.*

(Есенберлин, 111 б.).

*Бүгінгі күні біз де осал емеспіз* (Есенберлин, 271 б.).

Қырғ: *Бардығыбызды бірдей тындаған, биздин жасаған жаман иштерибиізден бірдей азап чеккен жана биздин ақыл-паразтыбыз жана жакшы иштерибиізге жараша бардығыбыз үчүн Ааламдын эшигин бірдей ачқан Жаратқанға мен жат емесмин* (Айтматов, 63 б.). – Барлығымызды тыңдаған, біздің жасаған жаман істерімізден азап шеккен және біздің ақыл-парасатымыз және жақсы істерімізге қарай барлығымыз үшін әлемнің есігін ашқан Жаратқанға мен жат емеспін.

*Анткени сен, сөзсүз, бұл маселе боюнча басма сөз бетине де, телевидениеге де чыгат эмессиңби* (Айтматов, 63 б.). – Өйткені сен, сөзсіз, бұл мәселе бойынша баспасөз бетіне де, телевидениеге де шығады емессің бе?!

– *Эми андай деле эместир, - деди Борк далысын ойлуу күйшөп* (Айтматов, 39 б.). – Бірақ ол ондай емес, - деді Борк иығын аздап сілкіп.

*Тажрыйба жүргүзүүчү келемиштер биз эмиспиз!* (Айтматов, 94 б.). – Біз тәжірибе жүргізуге арналған тышқан емеспіз!

- Алт: *Мен ак та эмезим, кызыл да эмезим* (Кокышев 1980: 22 б.)  
– Мен ак та, кызыл да емеспін.  
*Айса, сен мениң үүрем эмезиң бе?* (Кокышев 1980: 154 б.)  
– Болмаса сен менің досым емесің бе?
- Шор: *Пис тезе өс-алынанъ эбеспис: писне чер үстүнинъ ишпе кончыткан калыгы* – Біз жалғыз емеспіз: бүкіл әлемнің жұмысшылары бізбен бірге.  
*Мен сеенъ алтынъа мүнченъ кан кор-ат эбессим, меенъ үстүме мүнченъ кааным-пийим Ак Каанынъ палазы полар*  
– Мен асыл тұқымды шабдар айғыр емеспін, менің үстіме мініп жүретін ием ақ ханымның баласы.  
*Силер (слер) улуг эбессар* – Сендер ұлық емесіңдер [16, 140-141 б.].
- Тыва: *Кым деп кижидир? Танывас мен. Бо чер чурттуг эвес кижидир мен.* (Кудажы: 14 б.) – Бұл кім? Танымадым. Бұл жердің адамы емеспін.  
*Үрезин чашкан бурунгу тараачын эвестир сен, артындала агроном кижидир сен.* (ІВ ) – Сен тек ескіден келе жатқан егінші ғана емес кәсіби мамансың.  
*Бис бо таварылгада истекчилер-даа, шииткекчилер-даа эвес-тир бис.* ... (Кудажы: 57 б.) – Біз бұл мәселенің прокуроры да, соты да емеспіз.

Аталмыш тілдерде *емес* көмекші етістігі кейде шақ формасы жалғанған етістікке тіркесіп болымсыз сөйлем жасайды. Алайда кез келген шақ формасынан соң келуге қабілетті десек қателесеміз. Өйткені *емес* болымсыздықтың аналитикалық формасының құрамында қолданылады. Сентагмалық валенттілік қағидасына сыймайды [30, 73 б.]. Сондықтан да *емес* толымсыз етістігі көбіне есімшенің өткен шақ -*ган, -ген, -қан, -кен; -дай, -дей*, осы шақтың -*атын, -етін, -йтын, -йтін; -ар, -ер; -мақ, -мек* формаларынан соң келеді. -*ган, -ген, -қан, -кен* есімшелі етістікпен тіркескен *емес* етістігі сөйлемдегі әрекеттің ешқашан болмағандығын, -*дай, -дей* есімшесінен соң келгенде күмәнділік, осы шақтың -*атын, -етін, -йтын, -йтін; -ар, -ер* болжанған нәрсенің ойдағыдай болмауын, -*мақ, -мек* істің нақты болмайтын көрсетеді. Мысалы:

- Қаз: *Бүкіл Дешти Қыпшақтың жиырма сегіз басты руының басын қосамын деп талпынған Жәнібек хан, ешуақытта да жеті қатынын тату-тәтті ұстаймын деп ойлаған емес* (Есенберлин, 271 б.).

К. Коч. Қазіргі қазақ тілі және солтүстік-шығыс түркі тілдеріндегі «емес»...

*Енді міне, қиын кезең туып еді, артына қарай жүзген шаян тәрізді, біреуі алға шығатын емес* (Есенберлин, 192 б.).

*Хан-көкем тірі жанның тілін алар емес* (Есенберлин, 313 б.).

*Ал Әбілқайыр бауыр басып қалған Дәшті Қыпшаққа, ешкімді ортақ етпек емес* (Есенберлин, 14 б.).

Қырғ: *Мындай кыйноо эч качан, эч кимдин башына түшкөн эмес* (Айтматов, 22 б.). – Мұндай кино ешқашан, еш кімнің басына түскен емес.

*Анда адамдар ортосунда диний мүнөздөгү тымызын жана ачық тоскоолдуктар болмок эмес, бул өтө ири шаарлардагы жана эл жыш жашаган өлкөлөрдөгү көп динди карманган аралаш коомдор үчүн өтө маанилүү* (Айтматов, 86 б.). – Сосын адамдар ортасында діни көзқарастағы жымысқы және ашық тосқауылдар болмақ емес, бұл өте ірі шаралардағы және отырықшы елдердегі көп дінді ұстанатын қауымдар үшін өте маңызды.

Алт: *Камчы уйалу бөрү истен жүрген эмес, оны көрбөзи де жолду* (Садыков, 52 б.). – Камчы бөрінің ізіне түсе алмады, себебі жолда еш көрмеді.

*Кем өлгөн, кем тирү – жүрүм жаңыс жерде турар емес* (Укачин, 16 б.). – Кім өлген, кім тірі – өмір бір жерде тұрар (тоқтар) емес.

*Эмезе «Сууны көрбөй жадып, өдүгин чупчыба» дейтен эмес беди!* (Укачин, 75 б.). – Адамдар: «Су көрмей, аяқ-киімді алып кетпе!» демейтін бе еді?!

Тува: *Сен ядыы бараскан эвес, хаан оглу-дур сен* (Наммалава 17 б.) – Сен жарлы бір емес, ханның ұлысың.

*...бодуңарның үлүүңерни өске улуска кылдырар эвес силер.* (Шомаадыр, 152) ...өздеріңізге тиесілі істерді басқа адамдарға жасатпасаңыздар.

Қорыта айтқанда, түркі тілдерінің оңтүстік-шығыс тобында (өзбек және ұйғыр тілдерінде), солтүстік-батыс тобына жататын кейбір түркі тілдерінде (қазақ және қарақалпақ тілдерінде) қолданылатын *емес* толымсыз көмекші етістігінің солтүстік-шығыс түркі тілдеріндегі қолданысына шолу жасап, сараптадық. Бұл тілдерде *емес* толымсыз көмекші етістігінің грамматикалық мағынамен қоса, аналитикалық, семантикалық мағыналарының да бар екенін көруге болады. Осыған

орай шақтық мағына үстейді, жақ формасына қарай жіктеледі. Мұнымен қоса, кейбір тілдерде басқа да формалар жасауға атсалысады. Мысалы, алтай тілінде *эмес* формасынан болымсыз есімдіктер жасалады. Мысалы: *кем де эмес* «ешкім», *не де эмес* «ештеңе», *качан да эмес* «ешқашан» [31, 502 б.] т.б. Әлбетте, *эмес* формасына қатысты басқа да мәселелер жетерлік. Солтүстік-шығыс түркі тілдерінде де *эмес* көмекшісінің қазақ тіліндегі секілді септік жалғауымен тіркесу құбылысына кеңірек тоқталуға болар еді. Толымсыз көмекші етістіктің әрбір септік жалғауымен келуі барысында да түрлі грамматикалық, семантикалық мағыналардың тууына септігін тигізеді.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Janos Eckman, *Çağatayca El Kitabı*, (çev: Günay Karaağaç), İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Yayınları, İstanbul, 1988.
2. Petek E., Dağıstan S. “Divan-ı Hikmet’in Yeni Bir Nüshası-Kökşetau Nüshası”, *Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi*, Sayı: Bahar 2017/43, Ankara-Türkiye. 207-233 s.
3. Petek E., Dağıstan S. “Divan-ı Hikmet’in Kökşetau Nüshasının Dili”, *Akademik Bakış Dergisi*, Sayı: 63 Eylül 2017, Calal-abad – Kırgızistan. 111-119 s.
4. Volkan Coşkun, *Özbek Türkçesi Grameri*, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 2000.
5. Rıdvan Öztürk, *Yeni Uygur Türkçesi Grameri*, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 1994.
6. Mehmet Özmen, *Türkçede Değil Kelimesi ve Kullanımları // Türk Dili Araştırmaları Yıllığı Belleten 1997*, s. 315-368, Ankara.
7. Ali Fehmi Karamanoğlu, *Kıpçak Türkçesi Grameri*, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 1994.
8. Ali Akar, *Türk Dili Tarihi*, Ötüken Yayınları, Ankara, 2005.
9. Seyhun Vedat Uygur, *Karakalpak Türkçesi Grameri*, Kriter Yayınları, İstanbul, 2010.
10. Дәулетов М., *Хәзирги Қарақалпақ әдебий тилинің грамматикасы*, Билим баспасы, Нөкис, 1994.
11. Levent Doğan, Bülent Hüner, *Çağdaş Türk Lehçeleri*, Kriter Yayınları, İstanbul, 2007.
12. Ergöneç Akbaba, *Nogay Türkçesi Grameri*, Grafiker Yayınları, Ankara, 2009.
13. Азыркы кыргыз тили, II бөлүм, Кыргыз мамлекеттик окуу-педагогикалык басмасы, Фрунзе, 1985.
14. Грамматика киргизского литературного языка, Фрунзе, 1987.



**К. Коч. Қазіргі қазақ тілі және солтүстік-шығыс түркі тілдеріндегі «емес»...**

15. Eyüp Bacanlı, *Altay Türkçesinde Şimdiki Zamanın Ek Fiili ve İsim Cümlelerinde Bildirimi//Modern Türklük Araştırmaları Dergisi*, C.4, Sayı 3 (Eylül 2007), s. 52-67.
16. Дыренкова Н. П. *Грамматика шорского языка*, -Москва-Ленинград, 1941.
17. Рассадин В. И. *Тофаларский язык*, *Языки мира*, тюркские языки, Издательский дом «Кыргызстан», Бишкек, 1997, 372-383 s.
18. Ekrem Arıkoğlu, *KlaraKuular*, *Tuva Türkçesi Sözlüğü*, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 2003.
19. Рюмина-Сыркашева Л.Т., Кучигашева Н.А. *Телеут орус сөзлик/ телеутско-русский словарь*, АО Кемеровское книжное издательство, Кемерова, 1995.
20. Донидзе Г.И. *Хакасский язык*, - Москва-Ленинград, 1941. 459-469 бб.
21. Zeynep Korkmaz, *Gramer Terimler Sözlüğü*, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 2010.
22. Ахмеди Ысқақов. *Қазіргі қазақ тілі*, «Мектеп» баспасы, Алматы, 1991.
23. Zeynep Korkmaz, *Türkiye Türkçesi Grameri*, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 2009.
24. Tahsin Banguoğlu, *Türkçenin Grameri*, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 1990.
25. *Грамматика киргизского литературного языка*, Фрунзе, 1987.
26. Hülya Kasapoğlu Çengel, *Kırgız Türkçesi*, Akçağ Yayınları, Ankara, 2005.
27. Cahit Başdaş, Abdülmukaddes Kutlu, *Kırgız Türkçesi Grameri*, Diyarbakır, 2004.
28. *Грамматика алтайского языка /Составленные членами Алтайской миссии/* Казань, 1869.
29. Донидзе Г.И. *Шорский язык*, *Языки мира*, тюркские языки, Издательский дом «Кыргызстан», Бишкек, 1997, 497-506 с.
30. Масалиева Ж.А. *Қазақ тіліндегі толымсыз көмекші етістіктер* (фил. ғ. к. ғыл. диссерт.), Шымкент, 1999.
31. Баскаков Н.А. *Алтайский язык* *Языки мира*, тюркские языки, Издательский дом «Кыргызстан», Бишкек, 1997, 179-187 с.

**REFERENCES**

1. Janos Eckman, *Çağatayca El Kitabı*, (çev: Günay Karaağaç), İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Yayınları, İstanbul, 1988.
2. Petek E., Dağıstan S. “‘Divan-ı Hikmet’in Yeni Bir Nüshası-Kökşetau Nüshası’”, *Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi*, Sayı: Bahar 2017/43, Ankara-Türkiye. 207-233 s.
3. Petek E., Dağıstan S. “‘Divan-ı Hikmet’in Kökşetau Nüshasının Dili’”, *Akademik Bakış Dergisi*, Sayı: 63 Eylül 2017, Calal-abad – Kırgızistan. 111-119 s.
4. Volkan Coşkun, *Özbek Türkçesi Grameri*, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 2000.
5. Rıdvan Öztürk, *Yeni Uygur Türkçesi Grameri*, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 1994.
6. Mehmet Özmen, *Türkçede Değil Kelimesi ve Kullanımları//Türk Dili Araştırmaları Yıllığı Belleten* 1997, s. 315-368, Ankara.

7. Ali Fehmi Karamanoğlu, Kıpçak Türkçesi Grameri, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 1994.
8. Ali Akar, Türk Dili Tarihi, Ötüken Yayınları, Ankara, 2005.
9. Ceyhun Vedat Uygur, Karakalpak Türkçesi Grameri, Kriter Yayınları, İstanbul, 2010.
10. Dáýletov M., Házırgı Qaraqalpaq ádebi tılınıń grammatıkasy, Bılım baspasy, Nókıs, 1994.
11. Levent Doğan, Bülent Hüner, Çağdaş Türk Lehçeleri, Kriter Yayınları, İstanbul, 2007.
12. Ergönenç Akbaba, Nogay Türkçesi Grameri, Grafiker Yayınları, Ankara, 2009.
13. Azyrky kyrgyz tılı, II bóluv, Kyrgyz mamlekettik okýý-pedagogıkalyq basması, Frýnze, 1985.
14. Grammatıka kirgızskogo literatýrnogo ıazyka, Frýnze, 1987.
15. Eyüp Bacanlı, Altay Türkçesinde Şimdiki Zamanın Ek Fiili ve İsim Cümlelerinde Bildirimi//Modern Türklük Araştırmaları Dergisi, C. 4, Sayı 3 (Eylül 2007), s. 52-67.
16. Dyrenkova N. P. Grammatıka shorskogo ıazyka, - Moskva-Leningrad, 1941.
17. Rassadın V. I. Tofalarskı ıazyk, ıazykı mıra, tıyrkskıe ıazykı, Izdatelskı dom «Kyrgyzstan», Bıshkek, 1997, 372-383 s.
18. Ekrem Arıkoğlu, Klara Kuular, Tuva Türkçesi Sözlüğü, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 2003.
19. Rıymına-Syrkasheva L.T., Kýchıgasheva N.A. Teleýt orýs sözlık/ teleýtsko-rýsskı slovar, AO Kemerovskoe knijnoe izdatelstvo, Kemerova, 1995.
20. Donidze G.I. Hakasskı ıazyk, - Moskva-Leningrad, 1941. 459-469 bb.
21. Zeynep Korkmaz, Gramer Terimler Sözlüğü, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 2010.
22. Ahmedı Ysqaqov. Qazirgi qazaq tili, «Mektep» baspasy, Almaty, 1991.
23. Zeynep Korkmaz, Türkiye Türkçesi Grameri, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 2009.
24. Tahsin Banguoğlu, Türkçenin Grameri, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 1990.
25. Grammatıka kirgızskogo literatýrnogo ıazyka, Frýnze, 1987.
26. Hülya Kasapoğlu Çengel, Kırgız Türkçesi, Akçağ Yayınları, Ankara, 2005.
27. Cahit Başdaş, Abdülmukaddes Kutlu, Kırgız Türkçesi Grameri, Diyarbakır, 2004.
28. Grammatıka altaıskogo ıazyka/ Sostavlennye chlenamı Altaıskoi missıı/ Kazan, 1869.
29. Donidze G.I. Shorskı ıazyk, ıazykı mıra, tıyrkskıe ıazykı, Izdatelskı dom «Kyrgyzstan», Bıshkek, 1997, 497-506 s.
30. Masalieva J.A. Qazaq tilindegi tolymsyz kómekshi etistikter (fil. g. k. gyl. dissert.), Shymkent, 1999.
31. Baskakov N.A. Altaıskı ıazyk ıazykı mıra, tıyrkskıe ıazykı, Izdatelskı dom «Kyrgyzstan», Bıshkek, 1997, 179-187 c.

## **К. Коч. Қазіргі қазақ тілі және солтүстік-шығыс түркі тілдеріндегі «emes»...**

### **Пайдаланылған көркем әдебиеттер**

Yahya Kemal, *Eğil dağlar*, Milli eğitim bakanlığı yayınları, İstanbul, 1992.

Илияс Есенберлин, *Көшпенділер, Алмас қылыш*, Алматы, 2012.

*Кыргыз тили* (10-11 класстар үчүн окуу китеби), Бишкек, 2003.

Лазар Кокышев, *Чөлдөрдүн чечеги*, Горно-Алтайск, 1968.

Лазар Кокышев, *Алтайдин кыстары*, Горно-Алтайск, 1980.

Чыңгыз Айтматов, *Кассандра тамгасы*, Бишкек, 1996.

Садыков У., *Кечүдеги ис*, Горно-Алтайск, 1973.

Кызыл-Еник Кудажи, *Уйгу чок улуг-hem*, Кызыл, 2002.

Укачин Б., *Туулар туулар ла бойы артар*, Горно-Алтайск, 1985.

Наммалава Саддхатисса, *Будданың амыдыралы*, Кызыл, 1993.

Шомаадыр Куулар, *Баглааш*, Кызыл, 2008.

### **Özet**

Makalede "emes" yardımcı fiilinin Kuzey-Doğu Türk lehçelerindeki kullanılışı ele alınmaktadır. "Emes" yardımcı fiili Güney-Doğu Türk lehçelerinde (Özbek ve Uygur) Kuzey-Batı Türk lehçeleri içerisinde yer alan bazı Türk lehçelerinde (Kazak ve Karakalpak) etkin şekilde kullanılan yapıdır. Ancak olumsuzluk anlamı bildiren bu önemli yapı Kuzey-Doğu (Altay, Tuva, Tofa, Şor, Teleüt vb.) Türk lehçelerinde yaygın şekilde kullanılmamaktadır. Bu yüzden makalede "emes" yapısının Kazak Türkçesindeki kullanımına dayalı teorik bilgiler esasında Kuzey-Doğu Türk lehçelerindeki "emes" yardımcı fiilinin görevi, kullanılışı üzerinde durulmuştur. Gramer anlamıyla birlikte analitik yapı olarak görevi, anlam alanlarıyla ilgili örnekler verilip değerlendirilmeler yapılmıştır.

**Anahtar kelimler:** Fiil, Kazak Türkçesi, yardımcı fiil, semantik anlam, Kuzey-Doğu Türk Lehçeleri

**(Koç K., Günümüz Kazak ve Kuzey-Batı Türk Lehçelerindeki "Emes" Yardımcı Fiili)**

### **Аннотация**

В статье рассматривается применение неполного вспомогательного глагола *emes* в северо-восточных тюркских языках. Известно, что вспомогательный глагол *emes* является важной формой для юго-восточной группы тюркских языков (узбекский и уйгурский языки) и некоторых тюркских языков относящихся к северо-западной группе (казахский и каракалпакский языки). Но о применении вспомогательного глагола *emes* в северо-восточных тюркских языках (киргизский, алтай, тува, тофа, шор, телеут) слишком мало данных. Поэтому, исходя из теоретических данных, связанных с использованием формы *emes* в казахском языке, в статье рассматривается вопрос о деятельности, структуре, применении вспомогательного глагола *emes* в северо-восточных тюркских языках. Грамматическое значение, аналитическая функция, смысловые значения анализируются и дифференцируются на основе примеров.

**Ключевые слова:** Глагол, казахский язык, семантическое значение, неполный вспомогательный глагол, северо-восточные тюркские языки.

**(Коч К. Неполный вспомогательный глагол *emes* в современном казахском и северо-восточном тюркских языках)**